

### Тақырып: Бейматалар жаймасының ассортименти

Беймата жаймаларының өңдеу түрлерінің әртүрлі болғанымен олардың қасиеті мен тағайындалуы жағынан өте жақсы болып келеді. қазіргі тұрмыста қолдануы жағынан беймата жаймалары көптеген мата түрлерінің орнына қолдануда: киім, астарлы, орамалдық. Арнайы заказбен дайындалатын киімдердің негізгі матасы түрінде жайғақ тігісті, жіптігісті және мата тігісті жаймалар қолданылады.

Киімдердің астарына инетесімді және желімді түрлері қолданылады. Жылусақтағыш астарлары ретінде қыстық және маусымдық киімдерде - жайғақтігіст және инетесімді ватиндер, желімді көлемді жаймалар болады.

Ең негізгі бағыттарының бірі беймата жаймаларының ассортиментінде құрамында химиялық талшықтары мен жіптері бар маталар болып келеді. Сонымен қатар бұл жаймалар өзінің көрінісі мен құрылымы жағынан табиғи талшықтарға ұқсас болуы керек.

Жайғақтігісті беймата жаймаларын төмендегі мақта сортымен, вискозды талшықтар және аралас түрінен жасалады. Тігіс жібі ретінде 18,5 текс\*2 мақтақағазы, 15,6 текс, 6,67 текс капрон жіптері қолданылады.

Беймата материалдары бекітілу тәсіліне қарай 3 класқа бөлінеді; 1) механикалық әдіспен бекітілген; 2) физика-химиялық әдіспен бекітілген; 3) аралас бекітілген.

Механикалық әдіспен бекітілген беймата материалдарына тоқылып тігілген, ине тесіп өтетін және иленген беймата материалдары жатады.

Тоқылып тігілген беймата материалдары талшықты кенептің, жіп қабаттарының және маталарының байланысуы арқылы пайда болады.

Беймата материалдарын дайындауға көбінесе талшықты кенептердің маталармен, трикотажбен және пленкамен қосарланған түрі пайдаланылады. Қосарлану әр түрлі жүргізіледі: талшықты кенеп матаның үстіне орналасады немесе матамен жабылады, ал мата екі кенептің арасында да болуы мүмкін.

Талшықты кенептерден тұратын беймата материалдарының қасиеті кенептің талшықтарда орналасу тәртібіне қарай анықталады. талшықтар кенепте бір бағытта орналасуы, жеке мақталардың кенептің ұзына бойына зигзаг тәрізді айқасып орналасуы немесе аралас орналасуы, яғни хаосты орналасқан мақталардың параллель немесе бұрылысты талшықты мақтамен кезектесіп орналасуы мүмкіе.

Тоқылып тігілген беймата материалдарында талшықтар талшықты қабаттарында, әдетте материал енінде үлкен мықтылық және тұрақтылық пайда болу үшін көлденең бағытта орналасады.

Тоқылып тігілген екі қабатты параллель жіптер беймата материалдарын шығаруға орташа және үлкен қалыңдықтағы иірімдер қолданылады.

Тоқылып тігілетін материалдардың талшықты кенептер және жіптер арқылы бір бүтін болып бекітілуі арқылы байланысуы негізінен біртарақты цепочка, трико, сукно және қостарақты трико-цепочка, сукно-цепочка өрімдерімен жүргізіледі. Цепочка тәрізді байланысу кезінде талшықты кенеп өзара байланыспайтын материалдың ені бойындағы жолдармен бекітіледі. Трико өрімді байланысу кезінде талшықты кенеп және жіп қабаттары сирек тоқылған трикотаждың ішінде қалады. Осындай беймата материалының беткі жағында — зигзаг тәрізді орналасқан түзу жіп кесінділер көрінеді.

Талшықты кенептің трико, сукно және әсіресе трико-цепочка және сукно-цепочка өрімді байланысуы кезінде талшықтар немесе жіптер беймата материалына өте тұрақты бекітіледі.

Сирек маталардың кез келген бір жақ бетінде бос ілініп тұратын ілмек пайда болғызатын өрімді байланысу кезінде түкті маталарды немесе плүшті трикотажды еске түсіретін беймата материалдары шығарылады.

Тоқылып тігілетін беймата материалдарын байланыстыруға біртекті, ширатылған, комплексті және орташа қалыңдықтағы филаментті жіп иірімдері қолданылады.

Ине тесіп өтетін беймата материалдары ішіне жіп салынған талшықты кенептерден пайда болады.

**Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:**

1. Бейматалар сорты бойынша нешеге бөлінеді

- A) 7
- B) 6
- C) 4
- D) 12
- E) 10

2. Тор ақауы қандай матада кездеседі

- A) мақта
- B) беймата
- C) жібек
- D) зығыр
- E) жасанды жібек

3. Беймата материалдар бекітілу тәсіліне қарай неше класқа бөлінеді

- A) 3
- B) 5
- C) 4
- D) 2
- E) 6

4. Перекос ақауы қай кезде кездеседі

- A) тоқу процессіндегі ақау
- B) жіпті иіру кезіндегі ақау
- C) соңғы өңдеу кезіндегі ақау
- D) бояу кезіндегі ақау
- E) жасанды жібекте

5. Түкті жолақтар қай кезде кездеседі

- A) тоқу процессіндегі ақау
- B) жіпті иіру кезіндегі ақау
- C) соңғы өңдеу кезіндегі ақау
- D) бояу кезіндегі ақау
- E) жасанды жібек

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.

2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с

3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с

4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с.

<https://new.znaniium.com/read?id=349442>

5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стсльмашснко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>
6. Новиков М.В., Разумеев К.Э., Андреева Е.Г. - Исследование свойств шкурок серебристо-черной лисицы и искусственного меха, имитирующего её окрас, для цифрового конфекционирования материалов для одежды  
<https://e.lanbook.com/reader/journalArticle/572760>